



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

ЖАЛПЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР

ЗНАКИ ДОРОЖНЫЕ

ОБЩИЕ ТЕХНИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ

ҚР СТ 1125 - 2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ
ЖАЛПЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР**

ҚР СТ 1125-2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 “Көлік және коммуникациялардың ғылыми – зерттеу институты” Жабық акционерлік қоғамымен (“ЖАҚ ҚК ҒЗИ”) **ӘЗІРЛЕНІП ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 511 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2007 жыл
5 жыл**

4 Осы стандарт Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияның (Вена, 1968 ж.) және сол конвенцияны толықтыратын Еуропалық келісімнің (Женева, 1971 ж.) талаптарына сәйкес келеді және осы құжаттардағы №1 өзгеріс ескерілген (1995 ж).

5 ГОСТ 10807-78 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп жарыққа шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	2
4	Жалпы ережелер	2
5	Топтар, атаулар, кескіндер, мөлшерлер	3
6	Жеке жобалаудың белгілері 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 - 5.27, 5.31	10
7	Негізгі параметрлер және техникалық талаптар	20
8	Қабылдау ережесі	29
9	Сынау әдістері	29
10	Таңбалау	32
11	Буып-түю	33
12	Тасымалдау және сақтау	33
13	Өндірушінің кепілдіктері	34
	А қосымшасы (міндетті). Жол белгілерінің топтары, атаулары және суреттері	35
	Б қосымшасы (міндетті). Масштабтық торда белгілердің суреттері	61
	В қосымшасы (міндетті). Масштабтық тордағы шрифт	103
	Г қосымшасы (міндетті). Жеке жобалау белгілерінің үйлесу мысалдары	115
	Д қосымшасы (міндетті). Ішкі жарық түсуімен сигналдық және қарама-қарсы түстердің колориметрикалық және фотометрикалық сипаттамалары	117
	Е қосымшасы (ұсынылатын). Жол белгілері көру мүмкіндігінің қажетті деңгейіне техникалық нұсқаулар	120
	Ж қосымшасы (анықтамалық). Библиография	122

KP CT 1125-2002

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ
Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2004-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жол қозғалысына қатысушыларды автомобиль жолдарындағы және көшелердегі (бұдан әрі - жолдар) қозғалыстың шарттары мен тәртібі туралы хабарландыру үшін арналған жол белгілеріне таралады.

Стандарт жол белгілеріне, сондай-ақ оларды шығару үшін жарық қайтарғыш материалдарға кескіндерді, атауларды, мөлшерлерді, жалпы техникалық талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылады:

ГОСТ 2689-54 500 мм-ден астам 10000 мм-ге дейін мөлшерлердің жіберілуі мен отырғызулары.

ГОСТ 9.401-91 Суық климатымен аудандарда пайдалану үшін арналған лак-сырлы бұйымдардың жамылғылары. Тездетілген сынаулардың жалпы ережесі және әдістері.

ГОСТ 9.403-80 Лак-сырлы жамылғылар. Сұйықтықтардың статикалық әсеріне беріктікті сынау әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалау. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі.

ГОСТ 7721-89 Түсті өлшеу үшін жарық көздері. Үлгілер. Техникалық талаптар. Таңбалау.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық бұйымдар. Өртүрлі климаттық аудандар үшін орындаулар. Сыртқы органның климаттық факторлары әсер ету бөлігіндегі санаттар, пайдалану, сақтау және тасымалдаудың шарттары.

ГОСТ 17557-88 Клемалық жарық техникалық қалыптар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 17677-82 (МЭК 598-1-86, МЭК 598-2-1-79, МЭК 59X-2-2-79, МЭК 598-2-4-79, МЭК 598-2-19-81) Шырақтар. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1125-2002

ГОСТ 18321-73 Сапаның статистикалық бақылауы. Бір даналық өнімді таңдаудың кездейсоқ іріктеу әдісі.

ГОСТ 18620-86 Электротехникалық бұйымдар. Таңбалау.

ГОСТ 23216-78 Электротехникалық бұйымдар. Сақтау, тасымалдау, уақытша тоттануға қарсы қорғау және буып-түю. Жалпы талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 23457-86 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Қолдану ережелері.

ГОСТ 25347-82 Жіберулер шеттері және ұсынылатын отырғызулар.

3 Анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 сәйкес терминдер және анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша осы стандартта мынадай терминдер және анықтамалар белгіленген:

3.1 Жол белгілерін шығару үшін ілеспе материалдар: Белгілер шығаруда пайдаланылатын, берік сырлар және жарық-сүзу үлдірлер, жарық қайтарғыш материалымен құрамдас сыйысушылығы бар материалдар;

3.2 Адгезия: Жарық қайтарғыш үлдірдің белгі негізімен ілінісуінің қажетті беріктігі.

4 Жалпы ережелер

4.1 Жол белгілері осы стандарттың талаптарына сәйкес шығарылу тиіс.

4.2 Белгілердің орнатылуы ГОСТ 23457-ге сәйкес және жарық қайтарудың барынша тиімділігін алу шарттарын ескерумен жүргізіледі.

4.3 Жол белгілерін шығаруға/жеткізуге кез келген ұсынысты/тапсырысты ресімдеуде шығарушы (жеткізуші) тапсырыс берушінің қарауына мынадай ақпарат ұсынуға тиіс:

- дайын белгілерді жеткізу және шығару фирманың аты және мекен-жайы;

- бұйымның толық құрастырылуы үшін олардың санын көрсетумен жеткізілетін бөлшектердің тізімі;

- жол белгісіне және құрастыру бұйымдарына шығарушының сапа сертификаты;

- материалдарға шығарушының сапа сертификаты;

- ұсынылатын өнімнің көрсеткіш мысалы ретінде белгінің үлгісі;

- жол белгісінің жарық қайтарғыш элементіне кепілдік сертификаты;

- жарық қайтарғыш және ілеспе материалдарға шығарушының сәйкестік сертификаты;

- жарық қайтарғыш және ілеспе материалдарға пайда болу сертификатының көшірмесі;

- климаттық әсерлерге жарық қайтарғыш материалдарының төзімділігіне сертификат.

5 Топтар, атаулар, кескіндер, мөлшерлер

5.1. Топтар, атаулар, кескіндер

5.1.1 Стандарт жол белгілерінің жеті тобын белгілейді (А қосымшасы):

- 1 - ескерту
- 2 - басымдылық
- 3 - тыйым салу
- 4 - нұсқау
- 5 - ақпараттық-көрсеткіш
- 6 - қызмет көрсету
- 7 - қосымша ақпарат (кестешелер)

5.1.2 Белгі нөмірі өз арасында нүктелермен бөлінген топ нөмірінен, реттік нөмірден, топтағы белгінің реттік нөмірінен, бір түрінің (бар болуда) реттік нөмірінен тұрады.

5.1.3 Жеке жобалаудың 5.20.1; 5.20.2; 5.21.1-5.27; 5.31 белгілерінен басқа масштабтық тордағы белгілердің кескіндері міндетті Б қосымшасында келтірілген.

5.1.4 Белгілердегі жазулар (әріптер, цифралар, тыныс белгілері) міндетті В қосымшасында келтірілген шрифтпен орындалу тиіс. Жеке жобалау белгілерін компьютерлік техника көмегімен „Artsans” немесе оған жақын „Helv/Kazakh” қолдану ұсынылады.

5.1.5 Осы стандартпен белгіленген мөлшерлерге дейін белгілердің, әріптердің, цифрлардың және т.б. кескіндерін үлкейту фотографиялық әдіспен немесе масштабтық тордың көмегімен жүргізілу тиіс.

5.1.6 1.13, 1.14, 3.4, 3.11-3.16, 3.24, 3.25, 5.7, 4.8, 5.8.3, 5.11.2, 5.18, 5.20.1, 5.21.1, 5.21.2, 5.27, 7.1.1-7.2.2, 7.2.5, 7.2.6, 7.5.3-7.5.7, 7.9, 7.11 белгілеріне түсірілетін параметрлердің мәндері 1-кестеде келтірілгендердің ішінен алыну тиіс.

1-кесте

Белгі нөмірі	Параметр атауы	Параметр мәні
3.13; 3.14		0,1 м еселі
3.15		0,1 м еселі
3.16; 5.11.2; 7.1.2		10, 15, 20, 25, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 100, 120, 150, 200, 300 м

ҚР СТ 1125-2002

5.20.1; 7.1.1; 7.1.3; 7.1.4; 7.2.1; 7.2.2	Желілік өлшемдер	10, 15, 20, 25, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 100, 120, 150, 200, 300, 350, 400, 500, 600, 700, 800, 900, м; 1км-ден 10 км-ге дейін диапазонда - 0,1 км еселі, 10 км және астам - 1,0 км еселі
5.21.1; 5.21.2; 5.27		1км-ден 10 км-ге дейін диапазонда - 0,1 км еселі, 10 км және астам - 1,0 км еселі (км мөлшерлігі көрсетілмейді)
3.24; 3.25; 4.7; 4.8; 5.8.3; 5.18	Жылдамдық	10 км/сағ еселі (км/сағ мөлшерлігі көрсетілмейді)
3.4; 7.11	Салмағы	2,4; 8; 15; 20; 25 т
3.11		1,2; 2; 2,5; 3; 3,5; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 12; 15; 18; 20 т және одан әрі 5 т еселі
3.12	Ауырлық күші	1,5; 2; 2,5; 3; 3,5; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10 ак
7.5.3; 7.5.7	Уақыт	Апта күндері
7.5.4 - 7.5.7		30 мин еселі тәулік уақыты (23.00; 23.30; 24.00; 0.30; 1.00 және т.б.)
7.9		30 мин; 1 сағ; 2 сағ
1.13; 1.14	Еңістік	1% еселі

5.1.7 5.8.1, 5.8.2, 5.20.1-5.20.3, 5.21.2, 5.29.2, 5.31, 7.13 белгілеріндегі жөбелердің кескіні (қалпы) қиылысудың нақты тегістелуіне, қозғалыстың талап етілетін бағыттарына немесе қозғалыстың іске асырылатын сызбасына сәйкес болу тиіс.

5.1.8 Нақты қиылыста талап етілетін бағыттарға сәйкес жөбелердің пішін үйлесімімен осы стандартпен белгіленген 4.1 белгілерінің басқа да бір түрлерінің шығарылуы жіберіледі.

5.1.9 Қажеттілікте 5.30.2, 5.30.3, 5.32.2, 5.32.3, 7.1.3 және 7.1.4 белгілерінде көкжиекке 45(бұрышында жөбенің кескінін орындау жіберіледі.

5.1.10 3.17.1 және 3.17.2 белгілеріндегі жазулар қазақ және ағылшын тілдерінде түсірілу тиіс.

5.1.11 5.8.1 белгісінде төрт жолаққа дейін қозғалыс бағытын көрсету жіберіледі.

5.1.12 5.8.1 - 5.8.4, 5.8.7, 5.8.8 белгілерінде тыйым салу және нұсқау белгілерінің кескіндерін түсіру жіберіледі. 5.8.7. белгіде бағыттардың саны жолдың жүру бөлігінде қозғалысы бойынша жолақтар санына сәйкес болу керек. Қарсы қозғалыс жолағының белгісінде көрсетілмеу жіберіледі.

5.1.13 5.12 - 5.14 белгілерінің төменгі бөлігінде аялдаманың атауы, маршруттың нөмірі, қозғалыстың басталуы мен аяқталу уақыты және т.б. көрсетілу тиіс. Мұнда белгі кескіндісін 50 мм-ге үстіне жылжыту жіберіледі.

5.1.14 Қажеттілікте, қызмет көрсету белгілерінің төменгі бөлігінде 7.1.1, 7.1.3, 7.1.4, 7.5.1 - 7.5.7 кестешелеріне ұқсас қозғалыс барысы бойынша

алдында немесе жолдан тыс жақта орналасқан объектілерге дейін қашықты және олардың жұмыс уақытын, сондай-ақ басқа ақпаратты (мекен-жай, телефон нөмірі және т.б.) көрсету жіберіледі.

5.2 Мөлшерлер

5.2.1 Жол белгілері төрт үлгілік мөлшерде шығарылу тиіс: I - шағын, II - әдеттегі, III - үлкен, IV - аса үлкен.

5.2.2 Қолдану шарттарына тәуелді белгілердің үлгілік мөлшерлері 2-кестеге сәйкес алыну тиіс.

2-кесте


Белгілердің үлгілік мөлшері	Белгілердің қолданылуы	
	Тұрғын пунктерінен тыс	Тұрғын пункттерінде
I	Бір жолақпен жолдар	Жергілікті мәні бар жолдар
II	Екі немесе үш жолағымен жолдар	Магистралдық жолдар
III	Төрт және одан астам жолақтарымен жолдар және автомагистральдар	Жылдамдық жолдар
IV	Автомагистральдардағы жөнделу жұмыстары, қолдануы орынды деген негіздемеде басқа жолдардағы қауіпті учаскелер	

5.2.3 Үлгілік мөлшерлер бойынша белгілер кескіндерінің мөлшерлері 1-9 суреттерде келтірілгендерге сәйкес болу тиіс.

5.2.4 1.1-2.4, 2.6, 3.2-3.31, 5.28-5.30.3, 5.32.1-5.34, 5.38, 5.39 белгілерінде сыртқы жиектің ені 10 мм, ал 2.5, 2.7, 3.1, 4.1-5.19, 5.20.3, 5.35-5.36, 6.1-6.12 белгілерінде - 20 мм болу тиіс. 1.1, 1.2, 1.5-1.30, 2.3.1-2.3.3, 2.4 белгілерінде қызыл жиек иінінің ішкі радиусі 10 мм құру тиіс.

1.1.-1.3.2, 1.5-1.31.3, 2.3.1-2.4, 2.6, 3.2-3.20, 3.22, 3.24, 3.26-3.30 белгілерінде ішкі еңнің тиісті үлкейтілуінде сыртқы жиекті түсіру жіберілмейді.


5.2.5 Белгілер кескіндерінің сызықтық мөлшерлеріне деген жіберілу шегі 3150 мм-ге дейін - ГОСТ 25347 бойынша Н14, ал 3150 мм-ден астам мөлшерлердің - ГОСТ 2689 дәлдіктің 8-сыныбы бойынша.



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	А
1.1, 1.2, 1.2 – 1.7, 1.9, -1.14, 1.16, 1.16.1, 1.20 – 1.22, 1.24 – 1.30, 2.3, 2.4	I	700
	II	900
	III	1200
1.8, 1.15, 1.17 – 1.19, 1.23	I	700
	II	900
	III	1200
	IV	1500

ЕСКЕРТУ - Жүру бөлігінде жөндеу жұмыстары жүргізілетін жолдар учаскелерін көрсету үшін лайықталған 1.2.3. белгі бойынша А мөлшерін 550 мм-ге дейін кішірейту жіберіледі.


1-сурет



ЕСКЕРТУ


Суретте 1.3.1, 1.3.2 белгілер үшін кескіндердің мөлшерлері келтірілген

2-сурет




Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	В
2.5	I	700 (600)
	II	900 (800)
	III	1200 (1100)
ЕСКЕРТУ – Жақшаларда ішкі жарығымен белгілер кескіндерінің мөлшерлері келтірілген		

3-сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	D
2.6, 3.1 – 3.9, 3.11 – 3.16, 3.18.1 – 3.19, 3.21 – 3.23, 3.25 – 4.4	I	600
	II	700
	III	900
3.10, 4.5, 4.6	II	700
3.17.1, 3.17.2, 4.7, 4.8	II	700
	III	900
3.20, 3.24	I	700
	II	900
	III	1200
	IV	1500
ЕСКЕРТУ - Жүру бөлігінде жөндеу жұмыстары жүргізілетін жолдар учаскелерін көрсету үшін лайықталған 1.2.3. белгі бойынша А мөлшерін 550 мм-ге дейін кішірейту жіберіледі.		


4-сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	B	R
2.1, 2.2, 2.7, 5.5, 5.6, 5.15 - 5.16.2, 5.18 - 5.19.3, 7.13	I	600	45
	II	700	
	III	900	
5.8.2 - 5.8.6, 5.9, 5.11.2, 5.35 - 5.37, 7.1.2	II	700	
	III	900	
5.17.1 - 5.17.4	I	600	
	II	700	
5.20.3	I	Не менее 1200	
5.29.1	II	350	

**ЕСКЕРТУ - 2.1 белгісі үшін B мөлшерін 350 мм-ге дейін кішірейту жіберіледі.
Осы жағдайда радиус R 20 мм болу керек.**


5 сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	H	B
1.31.1 - 1.31.3	II	500	2250
	III	700	3150

ЕСКЕРТУ - H мөлшерін II үлгілі мөлшері үшін 460 мм-ге дейін кішірейту жіберіледі.


6 сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	H	B	R
5.1 - 5.4	III	900	600	45
5.12 - 5.14, 5.38, 5.39	I	1050	700	
4.9.1 - 4.9.3 6.1 - 6.13	I	1350	900	
	II	1050	700	
	III	1350	900	
5.34.1, 5.34.2	IV	900	600	
1.32.1, 1.32.2, 1.32.3	I	400	200	
	II	600	300	
	III	800	400	


ЕСКЕРТУ - 5.12-5.14, 5.38, 5.39 белгілері үшін H және B мөлшерлерін 800 және 500 мм-ге дейін кішірейту жіберіледі. Ішкі жарығымен белгілер үшін осы жағдайда радиус R 100 мм-ге дейін үлкейту жіберіледі.

7 сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	H	B	Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	H	B
1.4.1 - 1.4.6, 7.1.3, 7.1.4, 7.2.2 - 7.11, 7.14 - 7.19	I	300	600	5.29.2	II	350	1050
	II	350	700	5.32.1 - 5.32.3	II	350	1350
	III	450	900	5.8.1, 5.8.7, 5.8.8	II	700	1400
7.1.1, 7.2.1, 7.12	I	300	600		III	900	1800
	II	350	700	5.28	II	200	300
	III	450	900	5.29.1, 5.29.2	II	350	700
	IV	600	1200				
5.7.1, 5.7.2, 5.30.1 - 5.30.3, 5.33	II	350	1050	ЕСКЕРТУ - Екі жолақ бойынша қозғалыс бағытын көрсететін 5.8.1. Белгі үшін B мөлшерін II үлгілі мөлшер үшін 930 мм-ге дейін және III үлгілі мөлшер үшін 1200 мм-ге дейін.			
	III	450	1350				

8 сурет



Белгінің нөмірі	Үлгілі мөлшерлер	A (B)	A	R
1.31.4, 1.31.5	I	400(200)	400	45
	II	600(300)	600	
	III	800(400)	800	

9 сурет

6 Жеке жобалаудың белгілері

5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 - 5.27, 5.29.1, 5.29.2, 5.31

6.1 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1, 5.21.2, 5.27, 5.29.1 және 5.29.2 белгілерінде бағыттардың әрқайсысы үшін тұрғын мекен пункттерінің немесе басқа объектілердің үштен астам емес аты көрсетілу тиіс.

6.2 5.20.1 белгілерінің және 5.20.2 белгілерінің негізгі түсі:

- автомагистральдарда орнату үшін арналған белгілерде - жасыл түсті;
- тұрғын мекен пункттерінен тыс басқа жолдарда - көк түсті;
- тұрғын мекен пункттерінде - ақ түсті болу тиіс.

Мұнда, егер тұрғын мекен пункттерінде орнату үшін арналған белгілерде автомагистраль немесе басқа жол бойынша оларға қозғалыс жүзеге асырылатын басқа тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің ғана аттары көрсетілсе, белгілердің негізгі түсі тиісінше жасыл немесе көк түсті болу тиіс.

Автомагистральдарда орнату үшін арналған белгілерде автомагистраль бойынша емес оларға қозғалыс жүзеге асырылатын тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің аттары бар жазу негізгі көк түсте орындалу тиіс, ал, тұрғын мекен пунктінің шегіндегі автомагистральдың учаскесінде орнату үшін арналған белгілерде сол тұрғын мекен пункті объектілерінің атаулары - негізгі ақ түсте.

Автомагистральдардан басқа жолдарда орнату үшін арналған белгілердегі автомагистраль бойынша оларға қозғалыс жүзеге асырылатын тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің аты бар жазу тек негізгі жасыл түсте орындалу тиіс. Жолмен шекаралас тұрғын мекен пунктіндегі объектілерді ғана көрсетуде жазу негізгі ақ түсте орындалу тиіс.

Автомагистраль немесе басқа жол (автомагистраль емес) бойынша оларға қозғалыс жүзеге асырылатын басқа тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің аттары бар негізгі ақ түсті белгілердегі жазу қосымшада тиісінше жасыл немесе көк түсте орындалу тиіс.

Оларға қозғалыс басқа жол (автомагистраль емес) бойынша немесе шекаралас тұрғын мекен пунктінде орналасқан тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің аттары бар, автомагистральдарда орнату үшін арналған белгілердегі (негізгі көк түспен) жазу қосымшада тиісінше жасыл немесе ақ түсте орындалу тиіс.

Оларға қозғалыс автомагистраль бойынша немесе шекаралас тұрғын мекен пунктінде орналасқан тұрғын мекен пункттерінің немесе объектілердің аттары бар, басқа жолдарда орнату үшін арналған белгілердегі (негізгі көк түспен) жазу қосымшада тиісінше көк немесе ақ түсте орындалу тиіс.

Тиісінше негізгі жасыл немесе көк түстегі көк немесе жасыл қосымшаларды алмағанда, қосымшалар жиексіз орындалу тиіс.

6.2.1. Бірнеше бағытты көрсетуде белгілер бір ізділікте берілу тиіс (үстінен - астына): тік, солға, оңға.

Бір бағытты көрсетуде әртүрлі негізгі түсте орындалған белгілер (белгілердің бөліктері) бір ізділікте берілу тиіс (үстінен - астына): жасыл, көк, ақ.

6.3 5.21.1 белгілерде және 5.21.2 белгілерінің бөліктерінде:

- егер оларда көрсетілген тұрғын мекен пункттеріне немесе объектілерге қозғалыс автомагистраль бойынша жүзеге асырылса - негізгі жасыл түс;

- егер қозғалыс басқа жолдар бойынша жүзеге асырылса - көк;

- егер көрсетілген объектілер тұрғын мекен пунктінде орналасса - негізгі ақ түс;

- егер көрсетілген объектілер туристік болып табылса - негізгі қоңыр түс болу тиіс.

6.4 Автомагистральдарда орнату үшін арналған 5.24 - 5.29.2 белгілері негізгі жасыл түсте, ал тұрғын мекен пункттеріндегі жолдарды қосумен барлық басқа жолдарда орнату үшін арналғандарда - негізгі көк түсте болу тиіс.

5.29.1 және "Е" әрпімен 5.29.2 белгісі тек негізгі жасыл түсте болу тиіс.

6.5 Белгілер кескіндерінің және олардағы жазулардың үйлесімдік мөлшерлері белгіні орнату орнына байланысты 75, 100, 150, 200, 300, 400, 500 мм қатарына алатын *h* п бас әрпінің биіктігімен анықталу тиіс.

Жеке жобалаудың белгілері үйлесімінің мысалдары Г қосымшасында келтірілген.

6.6 Объектілер атындағы жалқы есімдер бас әріппен, ал олардың қасындағы қызметтік (түсіндіру) сөздер - кіші әріптермен орындалу тиіс (мысалы, ЖЕЛТОҚСАН көшесі, М.ӘУЕЗОВ мұражайы, БОРАЛДАЙ әуежайы). Өзіндік қолдануда қызметтік сөздер бас әріптермен орындалу тиіс (мысалы, МҰРАЖАЙ, ӘУЕЖАЙ).

Тұрғын мекен пункттерінен тыс орнату үшін арналған 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 - 5.27 белгілеріндегі *h* п бас әрпінің биіктігі:

- автомагистральдарда - 400 немесе 500 мм-ге;

- төрт және одан астам жолақтарымен жолдарда (автомагистральдарды алмағанда) - 300 немесе 400 мм-ге;

- екі немесе үш жолақтарымен жолдарда - 200 немесе 300 мм-ге;

- бір жолағымен жолдарда - 100 немесе 150 мм-ге тең болу тиіс,

ал тұрғын мекен пункттерінде орнату үшін арналғандардың:

- жылдамдық жолдарында - 200 немесе 300 мм-ге;

- магистралдық жолдарда - 150 немесе 200 мм-ге;

- басқа жолдарда - 100 немесе 150 мм-ге;

- жергілікті көшелік-жолдық торапта бағдарлаудың қалалық кіші жүйесін құру үшін - 75 немесе 100 мм-ге тең болу тиіс.

ҚР СТ 1125-2002

5.29.1 және 5.29.2 белгілеріндегі h п бас әрпінің биіктігі 150 мм құру тиіс, ал 5.31 белгісінде:

- тұрғын мекен пункттерінен тыс жолдарда орнату үшін арналған белгілер үшін - 200 мм-ге;

- және тұрғын мекен пункттеріндегілерге - 100 мм-ге тең болу тиіс.

Осы жолға белгіленген екі шрифттің үлкенін пайдалану дұрыс болады. Болмашы объектілерге жататын жазуларды кішірек шрифтпен орындау жіберіледі.

6.7 Негізгі көк пен жасыл түстегі жазулар үшін әріп пен цифрлардың литерлік алаңшаларының енін 3-5 кестелерге сәйкес таңдау қажет. h п = 75 мм литерлік алаңшаларының енін 3-5 кестелерінде көрсетілмеген жағдайда интерполяция жолымен анықталады.

Негізгі ақ және сары түстегі жазулар үшін литерлік алаңшалардың енін әрбір жақтан $0,05h$ п -қа қысқарту қажет.

Жолында 10-нан астам элементі (әріп, цифра, жебе, символ, кез келген белгінің кескіні элемент ретінде алынады) бар жазулар үшін шрифттің кішірек мөлшерін пайдалануға, жазуды екі жолда орналастыру немесе сөз тасымалы, жалқы есімдерде жиі қолданылатын бөлек сөздерді қысқартуға, ал одан басқа - негізгі көк және жасыл түстегі жазулар үшін литерлік алаңшалардың енін әрбір жақтан $0,05h$ п -қа қысқарту жіберіледі.

6.8 Белгілердегі жиектің ені $0,12h$ п, жиек інінің ішкі радиусі $0,3h$ п тең болу тиіс.

Негізгі ақ түстегі 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 және 5.21.2 белгілеріндегі, сондай-ақ 5.22, 5.23 және 5.31 белгілеріндегі сыртқы жиектің ені $0,06h$ п тең болу тиіс.

5.21.2 белгісінде жазуларды бөлетін, әртүрлі бағыттарға қатысты сызықтың ені $0,1h$ п тең болу тиіс. Негізгі ақ және көк (немесе жасыл) түстегі жазулар сызықпен бөлінуге тиісті емес.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС АЛФАВИТІ

3-кесте

миллиметрде

Бас әріп	л п бас әрпінің биіктігінде литер аяңдарының ені						Кіші әріп	л п бас әрпінің биіктігінде литер аяңдарының ені					
	100	150	200	300	400	500		100	150	200	300	400	500
А*	113	169	226	339	452	565	а*	86	129	172	258	344	430
Ә	107	160	214	321	428	535	ә	90	135	180	270	360	450
Б*	102	153	204	306	408	510	б*	91	136	182	273	363	455
В*	102	153	204	306	408	510	в*	87	130	174	261	358	435
Г*	90	135	180	270	360	450	г*	75	112	150	225	300	375
Ғ	95	142	190	285	380	475	ғ	77	115	154	231	308	385
Д*	110	165	220	330	440	550	д*	92	138	184	276	368	460
Е*	96	144	192	288	384	480	е*	90	135	180	270	360	450
Ё*	96	144	192	288	384	480	ё*	90	135	180	270	360	450
Ж*	162	243	324	486	648	810	ж*	127	190	254	381	508	635
З*	98	147	196	294	392	490	з*	85	127	170	255	340	425
И*	108	162	216	324	432	540	и*	92	138	184	276	368	460
Й*	108	162	216	324	432	540	й*	92	138	184	276	368	460
К*	109	163	218	327	436	545	к*	90	135	180	270	360	450
Қ	109	163	218	327	436	545	қ	90	135	180	270	360	450
Л*	110	165	220	330	440	550	л*	90	135	180	270	360	450
М*	129	193	258	387	516	645	м*	105	157	210	315	420	525
Н*	107	160	214	321	428	535	н*	90	135	180	270	360	450
Ң	107	160	214	321	428	535	ң	90	135	180	270	360	450
О*	109	163	218	327	436	545	о*	90	135	180	270	360	450
Ө	109	163	218	327	436	545	ө	90	135	180	270	360	450
П*	106	159	212	318	424	530	п*	90	135	180	270	360	450
Р*	100	150	200	300	400	500	р*	94	141	188	282	376	470
С*	103	154	206	309	412	515	с*	88	132	176	264	352	440
Т*	99	148	198	297	396	495	т*	78	117	156	234	312	390
У*	101	151	202	303	404	505	у*	84	126	168	252	336	420
Ү	106	159	212	318	424	530	ү	83	124	166	249	332	415
Ү	106	159	212	318	424	530	ү	83	124	166	249	332	415
Ф*	126	189	252	378	504	630	ф*	122	183	244	366	488	610
Х*	102	153	204	306	408	510	х*	84	126	168	252	336	420
Һ	104	156	208	312	416	520	һ	90	135	180	270	360	450
Ц*	110	165	220	330	440	550	ц*	93	139	186	279	372	465
Ч*	102	153	204	306	408	510	ч*	86	129	172	258	344	430
Ш*	144	216	288	432	576	720	ш*	122	183	244	366	488	610
Щ*	148	222	296	444	592	740	щ*	124	186	248	372	496	620
Ъ*	110	165	220	330	440	550	ъ*	91	136	182	273	364	455
Ы*	131	196	262	393	524	655	ы*	115	172	230	345	460	575
І	52	78	104	156	208	260	і	48	72	96	144	192	240
Ь*	98	147	196	294	392	490	ь*	85	127	170	255	340	425
Э*	103	154	206	309	412	515	э*	82	123	164	246	328	410
Ю*	145	217	290	435	580	725	ю*	120	180	240	360	480	600
Я*	108	162	216	324	432	540	я*	87	130	174	261	358	435

* Орыс алфавитінің әріптері белгіленген

ЛАТЫН АЛФАВИТИ

4-кесте

миллиметрде

Бас әріп	л п бас әрпінің биіктігінде литер алаңдарының ені						Кіші әріп	л п бас әрпінің биіктігінде литер алаңдарының ені					
	100	150	200	300	400	500		100	150	200	300	400	500
A	113	169	226	339	452	565	a	86	129	172	258	344	430
B	102	153	204	306	408	510	b	94	141	188	282	376	470
C	103	154	206	309	412	515	c	88	132	176	264	352	440
D	106	159	212	318	424	530	d	94	141	188	282	376	470
E	96	144	192	288	384	480	e	90	135	180	270	360	450
F	94	141	188	282	376	470	f	68	102	136	204	272	340
G	106	159	212	318	424	530	g	94	141	188	282	376	470
H	107	160	214	321	428	535	h	90	135	180	270	360	450
I	52	78	104	156	208	260	i	48	72	96	144	192	240
J	75	112	150	225	300	375	j	49	73	98	147	196	245
K	105	157	210	315	420	525	k	86	129	172	258	344	430
L	90	135	180	270	360	450	l	57	85	114	171	228	285
M	129	193	258	387	516	645	m	128	192	256	384	512	640
N	109	163	218	327	436	545	n	90	135	180	270	360	450
O	109	163	218	327	436	545	o	90	135	180	270	360	450
P	96	144	192	288	384	480	p	94	141	188	282	376	470
Q	108	162	216	324	432	540	q	94	141	188	282	376	470
R	105	157	210	315	420	525	r	74	111	148	222	296	370
S	102	153	204	306	408	510	s	85	127	170	255	340	425
T	99	148	198	297	396	495	t	72	108	144	216	288	360
U	107	160	214	321	428	535	u	90	135	180	270	360	450
V	106	159	212	318	424	530	v	84	126	168	252	336	420
W	145	217	290	435	580	725	w	123	184	246	369	492	615
X	102	153	204	306	408	510	x	84	126	168	252	336	420
Y	106	159	212	318	424	530	y	84	126	168	252	336	420
Z	101	151	202	303	404	505	z	85	127	170	255	340	425

ЦИФРЛЕР, ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР

5-кесте

миллиметрде

Цифрлер , тыныс белгілер	л п бас әрпінің биіктігінде литер алаңдарының ені						Цифрлер, тыныс белгілер	л п бас әрпінің биіктігінде литер алаңдарының ені					
	100	150	200	300	400	500		100	150	200	300	400	500
1	58	87	116	174	232	290	!	47	70	94	141	188	235
2	89	133	178	267	356	445	ѓ	147	220	294	441	588	735
3	88	132	176	264	352	440	(65	97	130	195	260	325
4	91	136	182	273	364	455)	65	97	130	195	260	325
5	89	133	178	267	356	445	«	73	109	146	219	292	365
6	91	136	182	273	364	455	»	73	109	146	219	292	365
7	84	126	168	252	336	420	,	43	64	86	129	172	215
8	91	136	182	273	364	455	,	43	64	86	129	172	215
9	90	135	180	270	360	450	- (тере)	91	136	182	273	364	455
0	93	139	186	279	372	465	- (дефис)	61	91	122	183	244	305
?	83	124	166	249	332	415	' (апостроф)	48	72	96	144	192	240

5.29.1 және 5.29.2 белгілеріндегі жиектің ені 18 мм-ге, жиек інінің ішкі радиусі 45 мм-ге тең болу тиіс.

Жебенің баулығы мен кескіннің басқа элементтері арасындағы қашықтықтың 0,2 h п -ге дейін қысқартылуы жіберіледі.

6.9 Сөз, сан, жебе, түрлі-түсті қосымшалар, белгінің жиегі немесе қосымшасы, әртүрлі бағыттарға қатысты жазуларды бөлетін сызықтар, символдар, қандай болса да белгілердің кескіні арасындағы тік және көлденең бойынша қашықтық 0,3 h п кем болмау тиіс. Бір бағытқа қатысты әртүрлі жазулардың арасындағы артық көрінетін қашықтық 0,4-тен 0,8 h п -ге дейін, ал бір атаулы екі жолды жазу үшін - 0,4 h п құру тиіс.

5.20.1 белгісі үшін әртүрлі бағытқа қатысты жазулар арасындағы қашықтық 2,0 h п кем болмау тиіс. Егер бір бірінің астында орналасқан жазулардың шектері қосылмаса, сол қашықтықтың 1,0 h п қысқартылуы жіберіледі.

Егер белгіде шрифтің екі размері пайдаланса, белгі жиегінің мөлшерін және бас объектілерге жататын кескіндердің элементтерін, сондай-ақ олар мен болмашы объектілерге сәйкес жазулар арасындағы қашықтықты есептеу үшін шрифтің үлкен мөлшерін қолданады. Бұл жағдайда болмашы объектілерге жататын кескін элементтерінің мөлшерін шрифтің кіші мөлшері бойынша белгілейді.

6.10 5.20.1 белгілеріндегі ендіріменің мөлшері 6.5 - 6.7 тармақшалардың талаптарына сәйкес белгілену тиіс.

Ендіріме жиегінің ені 0,1 h п тең болу тиіс.

6.11 Кескіні басқа белгілерде немесе ендірімелерде пайдалынатын 5.29.1 белгісінің цифрлар биіктігі осы белгілерде жазулар үшін қабылданған h п тең болу тиіс. Онда көмкеру жиегінің ені 0,1 h п тең болу тиіс, жиек інінің ішкі радиусі - 0,15 h п, белгі кескінінің сыртқы тік мөлшері - 1,5 h п.

5.29.1 белгісінің бірнеше кескінін түсіруде 5.20.1 және 5.20.2 белгілерінің ауданында олардың тік мөлшерлерін қажетті кішісіне дейін әріп пен цифрлар мөлшерін кемітуде 0,1 h п -ға дейін кеміту жіберіледі.

5.20.1 және 5.20.2 белгілерінің ауданында 5.29.1 белгісінің кескіні тиісті бағыттағы жебенің қасында, ал 5.21.1 және 5.21.2 белгілерінде объект атауының сол жағында орналасу тиіс.

6.12 Автомагистраль немесе әуежай символының биіктігі біржолды жазу үшін 1,0-ден 1,5 h п -ге дейін және бір тұрғын мекен пункті немесе объект атының екі жолды жазуы үшін 2,0-ден 2,5 h п-ға дейін құру тиіс. Символдардың кескіндері 1.28 және 5.1 белгілерінің символдарына сәйкес болу тиіс.

5.20.1, 5.20.2 және 5.21 белгілерінде автомагистраль немесе әуежайдың символдары тұрғын мекен пункті немесе объект атынан сол жақта орналасу тиіс.

5.20.1 және 5.20.2 белгілерінде осы тұрғын мекен пункті немесе объектіге жататын 5.29.1 белгінің кескіні бар болуда тұрғын мекен пункті немесе объектінің атына қатысты символдар 5.29.1 белгісінің кескініне қарама қарсы жақта орналасу тиіс.


6.13 5.20.1, 5.20.2 және 5.21 белгілерінде объектілерді белгілеу үшін автомагистраль, әужай немесе 5.29.1 белгі кескінінің символы үшін арналған орында пиктограммаларды түсіру жіберіледі. Пиктограмманың биіктігі h -тан $1,5h$ п -ге дейін болу тиіс.

6.14 Белгілердегі жебелер 10-суретке сәйкес орындалу тиіс.

5.20.1 және 5.21.2 белгілерінде жебелердің $L=2,3 h$ п ұзындығы және үстіңгі мен төменгі жиекке жазуларды бөлетін сызықтар) қатысты симметриялық орналасу тиіс.

Жебенің тік орналасуында өзек арқылы оның ұзындығын $2,0 h$ п-ға дейін кеміту жіберіледі.

5.20.1 және 5.31 белгілерінде жебелер ұзындығы үйлесім ойларынан таңдалу тиіс, болмашы бағыттар үшін жебелер енін негізгі бағытты жебесіне қатысты 30%-ға кеміту жіберіледі.



10 сурет

5.20.2 белгілерінде маршруттың бірнеше пункттерінің атауларын көрсетуде 10-суретте берілген пропорцияларды сақтауда жебе мөлшерінің үлкендеуі жіберіледі.

5.29.2 белгісінде жебенің ұзындығы $L=240$ мм болу (жебе баулығының биіктігі 138 мм, жебенің баулығы жағының мөлшері 160 мм, жебе аяғының қалыңдығы 60 мм) және алаңда симметриялық орналасу тиіс.

6.15 5.21.2 белгісінің баулығы 11-суретке сәйкес орындалу тиіс.


Белгі баулығының ішкі шегінің басы мен жазу, сан, автомагистраль немесе әуежайдың символы арасындағы көлденең бойынша қашықтық 0,15-тен 0,5 h п-ға дейін құру тиіс.

6.16 5.20.1 белгісінде, төменгі бөлігінде белгіні орнату орнынан қиылысуға дейінгі қашықтық көрсетілу тиіс. Онда цифрлар биіктігі 6.5 тармағында келтірілген қатардан h п жақындағы кіші маңызына сәйкес болу тиіс.

6.17 5.20.1, 5.20.2, 5.21, 5.27 белгілеріне қозғалыстың бір бағытына тиісті маршруттардың бірнеше пункттерінің атауларын түсіруде біріншісі болып белгі орнату орнына жақын пункт көрсетіледі.

6.18 5.21.1, 5.27 белгілеріндегі және 5.21.2 белгісінің бөлек бөліктерінде (жиектерінде) белгіні орнату орнынан айтылған пунктке дейін қашықтықты көрсететін сандар жазудан оң жақта орналасу тиіс, онда сандардың бірдей разрядтарын білдіретін цифрлар бір бірінің астында орналасу тиіс.

6.19 5.20.1 және 5.31 белгілерінде маршруттың немесе қозғалыс режимінің ерекшеліктері туралы қозғалысқа қатысушыларға хабардар еткізетін басқа белгілердің кескіндерін түсіру жіберіледі. Онда түсірілетін кескіндердің ең үлкен габариттік мөлшері 3,0-ден 5,0 h п-ға дейін құру тиіс.



11 сурет

6.20 5.23 және 5.25 белгілеріндегі қызыл жолақтың ені 0,4 h п-ға тең болу тиіс.

Жолақтың басы немесе аяғы және жиек арасындағы көлденең бойынша қашықтық h п-ға тең болу тиіс.

6.21 Белгілердегі аса жиі қолданатын қызметтік сөздерді қысқарту жіберіледі. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сөздердің қысқартылуы 6-кестеде келтірілгендерге сәйкес болу тиіс. "Қала", "ауыл" сөздері мен т.б. және олардың қысқартуларын белгілерде тұрғын мекен пункттерін атауда жазбайды.

6.22 Ақпараттық-көрсеткіш белгілерде жазулар қазақ және орыс тілдерінде орындалу тиіс. Екі тілде сөздерді жазудың бірдей болуында жазу бір рет келтіріледі. Халықаралық маршруттар өтетін жолдарда объектілердің

ҚР СТ 1125-2002

аттары бар белгілердегі жазбалар 7-кестеге сәйкес латын транслитерациясында, ал олардағы қызметтік сөздер - ағылшын тілінде қайтарылады (6-кесте).

Ағылшын тілінде қайталанатын жазулары бар белгілердің тізбесі халықаралық келісімдерге сәйкес жеке белгіленеді.

6-кесте

Сөздер			Сөздердің қысқартылуы		
қазақ тілінде	ағылшын тілінде	орыс тілінде	қазақ тілінде	ағылшын тілінде	орыс тілінде
әуежай	airport	аэропорт		қысқартылмайды	аэроп.
бульвар	boulevard	бульвар		Bld.	бул.
су қоймасы	-	водохранилище		-	вдхр.
бас	main	главный		M.	гл.
тау	mount	гора		Mt.	г.
қонақ үй	hotel	гостиница		қысқартылмайды	гост.
аңғар	valley	долина		Val.	дол.
демалыс үйі	holiday home	дом отдыха		қысқартылмайды	д. о.
темір жол	-	Железнодорожный		-	ж.-д.
зауыт	-	завод		-	з-д
атындағы	-	имени		-	им.
институт	-	институт		-	ин-т
арна	canal	канал		қысқартылмайды	кан.
километр сағатына	kilometer per hour	километр в час		km. p. h.	км/ч
комбинат	-	комбинат		-	к-т
дүкен	shop	магазин		қысқартылмайды	маг.
метр	meter	метр		m	м
минут	minute	минута		min.	мин.
теңіз	-	морской		-	мор.
мұражай	museum	музей		қысқартылмайды	муз.
жағалау	embankment	набережная		emb.	наб.
облыс	region	область		reg.	обл.
көл	lake	озеро		L	оз.
арал	isle	остров		Isl.	о-в.
ескерткіш	monument	памятник		қысқартылмайды	пам.
асу	pass	перевал		p.	пер.
тұйық көше	side-street	переулок		қысқартылмайды	п.
алаң	square	площадь		sq.	пл.
почта бөлімшесі	post office	почтовое отделение		P. o.	п. о.
кеметұрақ	landing place	пристань		қысқартылмайды	прист.

ету	passage	проезд		pass.	пр.
даңғыл	avenue	проспект	даңғ.	Ave.	пр-т
аудан	district	район		D.	р-н
өзен	river	река	өз.	riv.	р.
өзендік	-	речной		-	реч.
ауылшаруашылық	-	сельскохозяйственный		-	с.-х.
станция	-	станция		-	ст.
тонна	tonne	тонна		t	т
тұйық	blind alley	тупик		қысқартылмайды	туп.
көше	street	улица			ул.
шатқал	canyon	ущелье		қысқартылмайды	ущ.
фабрика	-	фабрика		-	ф-ка
кала орталығы	(urban) centre	центр города		қысқартылмайды	центр
сағат	hour	час	сағ.	қысқартылмайды	ч.
тас жол	highway	шоссе		қысқартылмайды	ш.

7-кесте 7-кестенің жалғасы

Қазақ әріптері	Латын әріптері	Ескерту	Қазақ әріптері	Латын әріптері	Ескерту
А	A		П	P	
Ә	A		Р	R	
Б	B		С	S	
В	V		Т	T	
Г	G		У	U	
Ғ	G		Ү	U	
Д	D		Ф	F	
Е	Е У	Дауыссыздардан кейін Инициалдар* және дауыстылар-дан, ь мен ь кейін	Х	ХН	
Ё	У Е УО	ч, ш, щ және ж басқа дауыссыз-дардан кейін ч, ш, щ және ж кейін Инициалдар және дауыстылардан, ь мен ь кейін	Һ	Н	
Ж	ЖН		Ц	ТС	
З	Z		Ч	СН	
И	І ҮІ	Инициалдар және дауыстылар мен дауыссыздардан кейін ь кейін	Ш	SH	
Й	У		Щ	SHCH	
К	K				

Қ	К	
Л	L	
М	M	
Н	N	
Ң	N	
О	O	
о	O	

Ъ	‘	Апостроф
Ы	Y	
І	I	Апостроф
Ь	‘	
Э	E	
Ю	YU	
Я	YA	
* Инициалдар - бөлек тұрған әріптер және сөз басындағы әріптер		

7 Негізгі параметрлер және техникалық талаптар

7.1 Белгілер ГОСТ 15150 бойынша УХЛ климаттық орындауда, орналасудың 1 санатында шығарылу тиіс.

7.2 Конструкцияға арналған талаптар

7.2.1 Әдеттей белгілер жарық қайтарғыш жамылғымен немесе тиісті техникалық-экономикалық негіздемеде ішкі жарық түсірумен өндірілу тиіс.

Белгілердің кескіндері қара элементтерінің жарық қайтарғыш әсері болу тиісті емес.

7.2.2 Белгілерді біржақты да, екіжақты да түрде өндіру, сондай-ақ флуоресценттік жарық қайтарғыш материалдан негізгі түсімен тік бұрышты нысандағы қалқандарда белгілердің кескінін өндіру жіберіледі. 1.18.1 белгісінің үйлесімді шешімінің мысалы Г-қосымшасында келтірілген.

7.2.3 Ішкі жарығымен белгілердің конструкциясы ГОСТ 17677 талаптарын ескерумен орындалу және:

- айналу сәтінің әсеріне берік, 3,0 Н м тең бұранды электрпатрондардың белгіленген орнығуын;

- тазалау мен ауыстырылуына жататын белгі элементтеріне және электр қосуларының орындарына жеңіл жетуді;

- 5 мм/мин қарқындылығымен жанбырдың әсер етуінде ішке ылғал түсуді болдырмау үшін корпусымен, белгінің кескіні түсірілген тақтаның қосу жиілігін қамтамасыз ету тиіс.

7.2.4 Белгілердің барлық бөлшектері және құрастыру бірліктері тогтануға қарсы материалдардан өндірілу немесе қорғаныш жамылғысы болуы тиіс.

Жамылғылар ГОСТ 9.401 және ГОСТ 9.403 сәйкес болу тиіс.

7.2.5 Әрбір белгінің корпусы және сырт жағы, сондай-ақ бекіткіштің элементтері сүр түсті болу тиіс.

7.2.6 Белгілердің негіздерін және мышталған болат немесе алюминий табағынан жасалған, сондай-ақ 18 мкм кем емес қалыңдығымен мышталған жамылғысы бар бекіткіштің элементтерін қорғаныш жамылғысын төсеумен жіберіледі.

7.2.7 Электростатикалық тоздандудың және ұнтақты сырлардың техникалық спецификацияларына сәйкес сырланатын жамылғылардың алдын ала фосфаттануымен полимерлік ұнтақтың әрі қарай бірігудің технологиясын қолдануға жіберіледі.

7.2.8 Белгі бекіткішінің элементтері оның өң жамылғысындағы ақпаратты бұрмалау және осы стандартпен белгіленген сипаттамаларды нашарлату тиіс емес.

Жарыққайтарғыш жамылғыдан айналым бекіткіш элементтерінің қалпақшаларын айыру үшін нейлон тығырықтарын пайдалану жіберіледі.

7.3 Электротехникалық талаптар

7.3.1 Ішкі жарық түсуімен белгілерді коректендіру электрторабына қосу үшін ГОСТ 17557 Св -2-4,0/250 У3 немесе СОВ -2-4,0/250 У3 үлгідегі клеммалық қалып көзделу тиіс. Клеммалық қалып белгі корпусының ішінде орналасу тиіс.

7.3.2 Токжүргізу сымдар арасындағы, сондай-ақ бірге қосылған олардың арасындағы және жерге қосу түйіспесі арасындағы окшаулаудың кедергісі суық (өшірілген күйде) 20 МОм-нан кем емес болу тиіс.

7.3.3 Токжүргізу сымдар арасындағы, сондай-ақ бірге қосылған олардың арасындағы және жерге қосу түйіспесі арасындағы окшаулау 1 минуттан кем емес ішінде ойықсыз немесе жабусыз 50 Гц жиілігімен 1500 В сынау кернеуін көтеру тиіс.

7.3.4 Жарық түсетін белгілердің ішкі электр сымдары үшін 1мм² кем емес қимасымен, жиілігі 50 Гц айналымы токтың 660 В-тан төмен емес кернеуге алынған окшалаумен мыс сымдарды қолдану керек.

7.3.5 Металлдық ток жүргізбеу бөліктерін жерге қосу үшін белгінің түйіспелік қысқышы болу тиіс. Жерге қосу сымдарының фазалық сымдардың бояуынан ерекшеленетін таңбалау немесе бояуы болу тиіс.

7.3.6 Жарық диодтарды пайдаланған кезде жарық шарттарына байланысты жарықты автоматты жандыру мен сөндіру үшін кірістірілген фотодатчикті қарастыру қажет. Тұйықталған сымдарда фазалық сымдардың бояуынан ерекшеленетін таңбалар немесе бояулар бар болуы керек.

7.3.7 Жарық диодтарға қойылатын міндеттер:

- жарық күші (жарық интенсивтілігі) – 1,4 канделден кем емес;
- шолу бұрышы – 22⁰ кем емес;
- толқынның номинал ұзындығы 690 нанометр.

7.3.8 Ішкі электрлік немесе жарық шығаратын диод жарығы ГОСТ 17677 және Электрқондырғыларды жайластыру ережелері [1] бойынша электр қауіпсіздігі міндеттеріне сәйкес жұмыс орындайтын жарық материалдары мен өнеркәсіпте дайындалған құралдармен пайдалану тиіс.

7.4 Ішкі электр жарығымен белгілер үшін фотометрикалық және колориметрикалық сипаттамалар Д-қосымшасында.

7.5 Жарыққайтарғыш материалдарға арналған талаптар

7.5.1 Белгілердің кескіндерін жарық қайтарғыш үлдір мен материалдармен орындау керек - жол белгілерінің жарық қайтарғыш жамылғысымен компоненттік сыйысушылығы бар және түс координаттарының мәнін қамтамасыз ететін, 8-,9- кестелерде және 12-суретте келтірілген беріктік бояулармен және жарық сүзу үлдірлерімен.

7.5.2 Белгілерді өндіру үшін жарық қайтарғыш материалдар ақпараттың - тәуіліктің күндізгі және түнгі уақытында жол белгілерінің көру мүмкіндігін жақсарту үшін қызмет етуге, жабық оптикалық жүйесі болу және осы стандарттың талаптарына жауап беретін фотометрикалық және механикалық қасиеттерге ие болу тиіс:

- түстік графикалық (материалдың осы түсі мен үлгісі үшін түс облысының шегі);
- жарықтық коэффициентімен;
- жарық қайтару коэффициентімен;
- ауа рай жағдайларына қарсы беріктікпен;
- адгезиямен;
- икемділікпен;
- мөлшерлер өзгерілуіне беріктікпен;
- соғуларға қарсылықпен;
- еріткіштерге және тазартылуға беріктікпен.

7.5.3 Белгілерді өндіру үшін жарық қайтарғыш үлдірлер мынадай үлгілер және кіші үлгілерге бөлінеді:

1-үлгі - сфералық линзалардан (микрошыны домалақтардан) оптикалық жүйесі бар жарық қайтарудың орташа қарқындылығымен үлдірлер;

2-үлгі - алтыбұрышты ұяларға топталған сфералық линзалардан (микрошыны-домалақтардан) оптикалық жүйесі бар жарық қайтарудың орташа қарқындылығымен үлдірлер;

3-үлгі - ромбтық құрылымдағы ұяларда топталған, микро призмалардан оптикалық жүйесі бар жарық қайтарудың өте жоғары қарқындылығымен үлдірлер.

Үлдірлердің үшінші тобы мынадай кіші үлгілерге бөлінеді:

3А - аса алыс қашықтықтардан (150 м-ден астам) оларды көруде белгілердің жоғары жарықтығын қамтамасыз ету үшін арналған;

3Б - аса жақын қашықтықтардан (150 м-ге дейін) оларды көруде белгілердің жоғары жарықтығын қамтамасыз ету үшін арналған;

3В - сол түстегі 3А және 3Б материалдарымен салыстырғанда тәуіліктің түнгі/күндізгі уақытында, сондай-ақ жаман ауа райлық жағдайларда белгілердің жоғары көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін флуоресценттік әсерге ие.

7.5.4 Белгінің жарық қайтарғыш жамылғысының барлық элементтері бір үлгідегі үлдірлерді пайдаланумен өндірілу тиіс. Жоғары сапалы үлдірдің пайдалану барысында ақпараттық-нұсқау белгілерінің әртүрлі элементтерін орындау жіберіледі.

7.5.5 Жарыққайтарғыш материалдарды пайдалану жөніндегі талаптар.


Жол белгісінің жарық қайтарғыш сыртқы жамылғысы ең кемінде осы техникалық шарттармен белгіленген 1-үлгідегі материалдың сипаттамасына сәйкес болу тиіс. Онда осы немесе басқа жарық қайтарғыш материалдың таңдалуы қозғалыс жылдамдығымен, белгі үлгісімен және қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі талаптармен (Е-қосымшасы) көзделген орнатудың ерекшеліктерін есепке алумен белгілену тиіс.

Белгілерді күрделі жағдайларда орнатуда (шолудың талап етілетін кең бұрыштары, орнатудың үлкен биіктігі, күрделі жер бедері, әлеуетті қауіпті жерлер, жоғары көрінімнің арнайы сілтемелері, осы учаскедегі қозғалыстың жоғары жылдамдығы және т.б.) 2- және 3-үлгідегі (Е-қосымшасы) жарық қайтарғыш материалдарды пайдалану ұсынылады.

7.5.6 $45^\circ/0^\circ$ өлшеу геометриясында Д65 (ГОСТ 7721) үлгідегі көз үшін 1931 жылдан бастап МКО колориметрикалық жүйесінде белгіленетін жол белгілерінің кескінділері элементтерінің түстік облыстары шекаралық сызықтарын қиылысу нүктелерінің түстік координаттары (x,y) және β жарықтық коэффициентінің ең аз мәндері 12-суретте және 8-,9-кестелерде көрсетілгендерге сәйкес болу тиіс.

Жарыққайтарғыш материалдардың сигналдық және қарама-қарсы түстерінің колориметрикалық сипаттамалары

Стандартты түсті графикте сигналдық және қарама-қарсы түстердің x,y түстігінің жіберілетін облыстары



- 1-үлгідегі жарыққайтарғыш материалдар үшін
- 2-,3-үлгідегі жарыққайтарғыш материалдар үшін (3А, 3Б кіші-үлгілері)
- - - - - 3-үлгідегі жарыққайтарғыш материалдар үшін (3В кішіүлгісі)

12 сурет

8-кесте

Бейнелеу элементінің түсі	Түрлі-түс координаттарының белгілеуі	Түрлі-түстік жерлер бұрыштық нүктелерінің түрлі-түстік координаттары								Жарықтық коэффициенті β	
		Жарыққайтарғыш материалдар									
		1-үлгідегі				2-үлгідегі және 3-үлгідегі 3А және 3В кіші үлгілері				1-және 2-үлгідегі i	3-үлгідегі 3А, 3В кіші үлгілері
		1	2	3	4	1	2	3	4		
Ақ, күмістей	x	0,355	0,305	0,285	0,335	0,305	0,335	0,325	0,295	≥0.35	≥0.40
	y	0,355	0,305	0,325	0,375	0,315	0,345	0,355	0,325		
Сары	x	0,545	0,487	0,427	0,465	0,494	0,470	0,513	0,545	≥0.16	≥0.24
	y	0,454	0,423	0,483	0,534	0,505	0,480	0,437	0,454		
